

Ищанова Айман Сагымжановнаның 6D120100 – «Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынған «Пастереллаларды заманауи зерттеу әдістерімен идентификациялау» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ШҚІРІ

Орындалған жұмыстың өзектілігін, оның қазіргі ғылым мен практика үшін маңыздылығын негіздеу

Соңғы жылдары өңірімізде акбөкендер популяциясы санының қарқынды өсуі аймақтағы мал шаруашылығының дамуына қауіп төндіруде. Сондай-ақ, аурудың таралу қаупін атап оту маңызды. Жабайы жануарлар санының шамадан тыс жоғары болуы энценозиялардың туындауын, сондай-ақ акбөкендер мен үй жануарлары арасындағы аурулардың таралуының артуына ықпал етеді. Жүргізілген зерттеулерде көрсетілгендей, акбөкендер популяциясы санының рүкеат етілген нормадан асып кетуі салдарынан аурулардың үй жануарларына, тіпті адамдарға да жұғу қаупі жоғары екендігін көрсетеді.

Pasteurella multocida және *Pasteurella haemolytica* тудыратын пастереллез індетінің көптеген әртүрлі патологиялық формаларының қоздырғыштары болып табылады, олар дүние жүзінде мал шаруашылығына үлкен экономикалық әсер етеді, сонымен қатар жануардан жануарларға, жануардан адамдарға берілуі үлкен қауіп екендігін атап өткен жөн. Соған орай пастереллалардың вирулентті штамдарына байланысты жануарлар арасында пастереллездің жиі өршуі байқалуда, сондықтан жануарлардың пастереллезін зерттеу мәселелері өзекті болып табылады.

Орындалған жұмыстың өзектілігі, оның қазіргі ғылым мен тәжірибе үшін маңыздылығын гранттық қаржыландырылатын AP15473404 «Акбөкендердің маусымдық қошу кезеңінде пастереллездің байқалуының қарқындылығы және ауыл шаруашылығы жануарларында аурудың туындауының өзара байланысы» (2022-2024 жж.) тақырыбындағы «Жас ғалым» жобасы арқылы орындалып жатқан жұмысы арттыра түседі.

Осылайша, тақырыптың өзектілігі күмән тудырмайды және пастереллез ауруын тудыратын пастереллаларды идентификациялау тиімділігін арттыру үшін маңызды шешім болып табылады.

Докторант сүйенетін негізгі ғылыми және әдіснамалық ережелерді ашу

А.С. Ищанованың «Пастереллаларды заманауи зерттеу әдістерімен идентификациялау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының құрылымы мен мазмұны бойынша докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Диссертацияның негізгі бөлімдері тақырыбы, өзектілігі, қойылған мақсаты мен міндеттері ретінде толық біліктілік сипатқа ие.

Докторант алған ғылыми нәтижелер және олардың негізділігі. Диссертация авторымен Батыс Қазақстан облысы жағдайында мүйізді ірі қара мен акбөкендерде пастереллез ауруының туындауына *Pasteurellaceae* тұқымдасының өкілдерінің ішінде *Pasteurella haemolytica*-мен салыстырғанда *Pasteurella multocida*-ның үлесі басымырақ болғандықтан, осы түрге жататын пастереллаларды заманауи зерттеу әдістерімен идентификациялаудың тиімді жүйесі зерттелініп, нақтыланған. Диссертация авторы зертханалық және өндірістік жағдайлардағы жұмыстарына қатысып, зерттеулерді өзі жүргізді.

Бұл жерде ғылыми жұмыстың жаңашылдығы ешқандай күмән туғызбайтындығын айта кету қажет, зерттеу нәтижелері негізінде отандық және шетелдік басылымдарда бірнеше мақалалар жарияланып, ғылыми жұмысымыздың теориялық мәні айқындалды.

Жалпы алғанда, А.С. Ищанова ғалымның барлық құзыреттілігіне лайық деп санаймын. Бұл ойды ғылыми жұмыстың материалдары мен нәтижелері де растайды. «Жас

ғалым» жобасы аясында ғылыми жұмыстарды жүзеге асыру үшін автор материалдар мен зерттеу әдістерін дұрыс таңдап, алынған нәтижелерге толық талдау жасаған.

Автордың алынған нәтижелерді ветеринария дәрігерлерінің біліктілігін арттыру курстарының тыңдаушылары, мемлекеттік ветеринариялық мекемелер (республикалық, облыстық және аудандық), мал өсірумен айналысатын шаруа қожалықтары, кәсіпорындардың малдәрігерлік мамандары және ғалым-зерттеушілер де пайдалана отырып, ветеринария саласындағы білімдерін толықтыру үшін пайдалы болып табылады.

Диссертацияның құрылымдық және мазмұндық тұтастығы. Диссертациялық жұмыс қойылған талаптарға сәйкес ресімделген. Диссертация келесідей бөлімдерден: кіріспе, әдебиеттерге шолу, зерттеу материалдары мен әдістері, өзіндік зерттеулер, зерттеу нәтижелері мен қорытындыларын талқылау, практикалық ұсыныстар, әдебиеттер тізімі және қосымшалардан тұрады.

Докторанттың жеке үлесі, зерттеу көлемі. Ізденуші диссертациялық тақырып бойынша дәстүрлі және заманауи зерттеу әдістерін, тәжірибе жұмыстарын жеке өзі және кейбір материалдарды ғылыми кеңесшілерінің нұсқауымен орындады. Бірнеше халықаралық ғылыми тәжірибелік конференцияларға қатысып, ғылыми мақалалар жариялады және ұсыныс дайындады.


Докторанттың зерттеуші ретіндегі сапасы, ғылыми зерттеу әдістерінен алған тәжірибесі. Диссертациялық жұмысты орындау нәтижесінде докторанттың ғылыми қызметкер ретіндегі сапасы айтарлықтай артты. Алынған ғылыми зерттеу тәжірибесі докторантқа қолданбалы зерттеулерді одан әрі жоғары деңгейде жүргізуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, ғылым жолында орындаған жұмысы бойынша зерттеулер мен сараптамаларды жасау барысында тәжірибесінің мол екендігін байқатып, іскерлігі мен ғылымға құштарлығын ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында жақсы қырынан көрсете білді.

Қорытынды. Докторант Ищанова Айман Салимжановнаның диссертациясы автордың өзі орындаған, толық аяқталған ғылыми зерттеу жұмысы болып табылады және философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ҚР ғылым және жоғары білім министрлігінің білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің диссертацияларға қойылатын талаптарына сәйкес келеді.

Жоғарыда аталғандардың негізінде, Ищанова Айман Салимжановнаның «Пастереллаларды заманауи зерттеу әдістерімен идентификациялау» тақырыбында дайындаған диссертациясы талаптарға сай орындалған және авторы 6D120100 – «Ветеринарлық медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Ғылыми кеңесші:

ҚазҰАЗУ КеАҚ «Микробиология,
Вирусология және иммунология»
кафедрасының профессоры, в.ғ.д.

 Ж.С. Киркимбаева

Пікір беруші, в.ғ.к., профессор
Ж.С. Киркимбаевнаның қолын растаймын
Бас ғылыми хатшы:

